

«№24 лицей» мемлекеттік коммуналдық мекемесі асханасының
тамағын тексеру комиссиясының асхананы тексерілгендігі туралы
№3 хаттамасы

Өткізілген мерзімі мен уақыты: 20 қараша 2025 жыл, сағат 09.00-де

Өткізілген орны: «№24 лицей» МКМ

Қатысқандар: Лицей директоры –З.Т.Туреходжаева, Е.Нүкен-қамқоршылық кеңес мүшесі, Д.Л.Бостанова - оқу ісі жөніндегі орынбасары; Қ.Б.Султанбаева – әлеуметтік педагог; М.И.Атагелдиева -лицей медбикесі А.Ж.Жамбаева -ата – аналар комитеті.

Тыңдалды: Д.Л.Бостанова - оқу ісі жөніндегі орынбасары: Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының мықты болуы кез келген қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені ,бүгінгі жас өскін-еліміздің ертеңгі болашағы. Ал, денсаулық көбіне әрбір адамның ұстанатын өмір қағидасы мен ішіп- жеген тағамына тікелей қатысты.Осы орайда кезекті лицей асханасында оқушылардың ас мәзіріне сай дайындалған тағамдармен комиссия мүшелері танысып сапасын анықтады

№	Наименование	Выход гр 6-10лет	Выход гр 11-14	Выход гр 15-18 лет
1	Суп-пюре из чечевицы	200	250	300
2	Чай фруктовый с медом	200	200	200
3	хлеб	30	35	50

Сөйлеушілер: М.И.Атагелдиева -лицей медбикесі.Күнделікті асхана тазалығы, қызметкерлер тарапынан жұмыс формалары сақталған. Бүгінгі ас мәзіріне келсек талапқа сай. Тамақ өте дәмді, шәйдағы қант мөлшері сәйкес келеді.

Е.К.Нүкен –қамқоршылық кеңестің мүшесі: Ата-аналар тарапынан лицей асханасында тамақ ішетін оқушылардың қалай тамақтанып жатқанын бақылау мақсатында келіп отырмын. Оқушыларға ұсынылған тамақ ас мәзіріне сай дайындалған. Чечевица қосып дайындалған суптың құрамы сақталған.Тұзы татыған толық піскен.Тамақ құрамына чечевица дәні,су,пияз,сәбіз,селдерей,сары май, сливки,жұмыртқа, тұз қосылған.Буға бұқтырылып толық піскен. Дәмді, тұзы лайықты. Кептірілген жемістерден жасалған сусынының тәттілігі жылылығы сақталған.Маған асхана тазалығы, жасалған тағамдар ұнады. Қызымның күнделікті асхана жайлы айтылған пікірлеріне ойым сәйкес келіп тұр.

А.Ж.Жамбаева- ата-ана: Менің мақсатым асханадан тамақтанатын балаларының күнделікті жағдайы еді. Бүгінгі күнгі оқушыларға дайындалған ыстық тамақ және оның салмағы, шәйдің , ыдыс-аяқтың тазалығы көңілімнен шықты. Күнделікті ас мәзірімен де таныстым.Мұғалімдер және әкімшілік тарапынан кезекшілік бар.Оқушылардың тамақ ішетін ыдыс-аяқтарын да қарап шықтым.Бәрі дұрыс екен.

Мониторинг жүргізу барысында бракераж журналы тігіліп мөрленгені тамақтану бойынша журналдар толтырылған.Әр келген өнімнің сертификаты толық. Керекті ас бөлмесіндегі құралдарда маркеровка қойылған.Мусор шығаруға келісім шарт жасалған. Тамақтардың граммдық салмағы сақталған. Бір күндік оқушы тамағы 491,07тг құрайды екен.Бастауыш сыныптан1056 оқушы күніне тамақ ішсе, 5-11 сыныптардан 58 оқушы тамақтанады. Асхана жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.

Шешім: 1.Қараша айының тексеру нәтижесі бойынша асхана жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Лицей директоры

